



ТҮРКІСТАН ӨНІРІНДЕГІ МӘДЕНИ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Қазақстанның туризм саласы Бүкіләлемдік экономикалық форумның «Саяхат пен туризм» санаты бойынша бәсекелестік қабілеттілігі индексіне 2017 жылғы көрсеткіш бойынша 136 елдің ішінде 81 орынға тұрақтаған болатын. Бұл 2015 жылда тіркелген 85 орыннан еліміздің алға жылжығандығын көрсетеді. Айтылған рейтингті кейбір посткеңестік елдермен салыстыратын болсақ, Ресей – 43, Грузия – 70, Азербайжан – 71, Қырғызстан 115 орынға жайғасқан. Қазақстанның туристік кластері бойынша президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасының 57 қадамында «туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық (зәкірлік) инвесторлар тарту» қажет деп көрсетілген болатын.

Қазақстандағы туризм саласының дамуы жан-жақты жүргізіліп келеді. Соның ішінде мәдени туризмнің орны бөлек. Мысалы, әлемдік туристік мекемелердің 2018 жылғы көрсеткіші бойынша, Қазақстанға жылына 4 млн. 560 мың адам келіп, ЖІӨ-нің 5,3% туристік қызметтерден түскен қаржыдан құралып отыр. Бұл көрсеткішті «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында» 8% дейін жеткізу көзделіп отыр. Қазірге дейін ЮНЕСКО тізіміне Қазақстандағы 2 табиғи және 3 архитектуралық объектінің кіруі әлемдік статистикалық көрсеткіштерде Қазақстанның мәдени туризмді дамытуға қолайлы екендігін түсіндіреді. Қазақстанның туризм саласының мәдени немесе этнотуризмге негізделуі оның көне көшпелі өркениет пен Жібек Жолы бойындағы қалалық мәдениеттің сақталуының нәтижесі болып отыр. Себебі Қазақстандағы табиғи және архитектуралық ескерткіштердің бүгінгі күнге жетуі халықтың этномәдениетімен тікелей байланысты. Осы орайда 2017 жылы Қазақстан аумағындағы барлық қасиетті жерлер мен ескерткіштерді зерттеуге арналған «Қасиетті Қазақстан» жобасын іске асыру басталды. Жалпы, бұл жоба еліміздің мәдени туризм нысандарын анықтап алуға бағытталған деуге болады. Негізнен Түркістан облысы Қазақстандағы мәдени және архитектуралық ескерткіштердің көп сақталған ортасы болып табылады. Қазіргі кезде Түркістан қаласының маңындағы археологиялық ескерткіштердің саны 99-ға жетіп отыр. Бұл өңірдегі көне қалалардың мәдени қабатының тереңде екендігін көрсетеді.

Түркістанның көне мәдениетінің соңғы кезеңдері Қазақ хандығымен тікелей байланысады және онда қазақ хандары мен билерінің пантеоны қалыптасқан (өз кезегінде қазақ халқы Түркістанға зиярат етуді «кіші қажылыққа» теңеген). Қаладағы бұл нысандар археологиялық және этнографиялық кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Түркістан облысында қазіргі уақытта мәдени туризмді дамытуға байымделген мемлекет қорғауындағы көптеген объектілер бар. Мысалы, өңірде 1926 жылы құрылған Ақсу-Жабағалы табиғи қорығы Қазақстандағы ең көне және алғашқы табиғи қорық болып табылады. Оның көлемі 131 мың 934

гектарды құрайды. Сондай-ақ, бұл тізімге Сайрам-Өгем ұлттық табиғи паркі кіреді, оның көлемі 150 мың гектарды құрайды. Ал, Отырар және Сауран көне қалалары мен Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Домалақ Ана кесенелері және басқа ескерткіштер қазіргі күннің өзінде мәдени туризмнің негізгі объектілеріне айналдырып отыр.

Сонымен қатар, 2018 жылғы көрсеткіштер бойынша, Түркістан облысы көлемінде әр түрлі бағыттағы 27 музей тіркелген. Айта кететін бір жәйт, Қазақстан бойынша музейге келушілердің алдыңғы қатарын аталмыш облыстың музейлері бастан тұр. 2018 жылы облыс музейлеріне 1,967,700 адам келген.

Өңірдегі туризм мәселесі әр жылда әртүрлі бағдарламалар тарапынан қаржыландырылады. Мысалы, Түркістан қаласындағы мәдени ескерткіштер 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Жібек жолы тарихи орталықтарының өрлеуі, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұраларының дамуын сақтау және иелену» мемлекеттік бағдарламасына енген, 2016 жылы «Көне Түркістан» жобасы аясында қаланың бас жоспары мен даму перспективалары қарастырылған болатын. Түркістан облысының (облыс орталығы ауыспай тұрған кездегі жоба) 2018-2020 жж. арналған бюджеттік инвестициялық жобасындағы мынадай деректерді байқаймыз. Мұнда 2018 жылы облыс көлемінде туризм бойынша тек Шардара су қоймасы жағалауында туристік инженерлік-инфрақұрылымдық жүйелерінің құрылысына 3 жылға 120 млн. теңге қаржы қарастырылған. Ал, облыс орталығы Түркістан қаласына ауысқаннан кейінгі инвестициялық жобаны қарайтын болсақ, бұл жоба қайта қарастырылып, жана жоспарлар енгізілген. Мысалы, 2019-2021 жж. арналған инвестициялық жобаға облыстық бюджеттен 2019 жылға жобалау сметалық жұмыстарға 433 млн. теңге, 2020 жылға құрылыс объектілеріне 3 млрд. теңге, 2021 жылғы құрылыстарға 6,9 млрд. теңге қарастырылған. Бұл қаржының басым бөлігі облыстың көркемі мен туризмнің дамуына бағытталғандығын көреміз. Мысалы, жоба бойынша Түркістан қаласының өзінде 10 астам ірі мәдени кешендердің құрылысы жоспарланып отыр. Оның ішінде: Түркістан қаласының бейне-леу өнері музейі, «Ұлы дала елі» орталығы, Опера және балет театры, «Түркі әлемі орталығы», «Күлтөбе» аспан астындағы мұражай, қалалық амфитеатр, «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорығының ішіндегі мәдени-демалыс нысандары, Түркістан облысы тарихи-өлкетану музейінің құрылысы көзделген. Бұл құрылыс объектілерінің дені мәдени туризмді дамытуға бағытталған.

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасындағы» ТОП-10 енген туристік нысандарға Түркістан облысы жылына 1,5 млн. турист тартуы қажет. Ал, осы бағдарламада Қазақстанның онтүстік өңірлеріне қатысты арнайы «Ұлы Жібек жолын жаңғырту» кластері қарастырылады. Бұл кластер Қызылорда облысының орталық және шығыс бөлігін, Түркістан облысының оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс бөлігін, Жамбыл облысының оңтүстік-

батыс бөлігін қамтиды. Сондай-ақ, «Ұлы Жібек жолын жаңғырту» кластері кезең-кезеңмен кеңейтіліп, «Ұлы Жібек жолының жүрегі» ретінде сипатталатын болады. Бұл Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізі бойындағы елді мекендердегі туристік саланы да дамытатын болады деп күтілуде. Ол өз кезегінде Түркістан қаласы экономикасының туристік-сервистік бағытын дамыту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттырады деп көзделген. Бұл бағдарламалардың негізгі қозғаушы күші «Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы» заңы болып табылады. Оның 8-бабы 3-тармағында «Қазақстан Республикасы туралы туризм үшін қолайлы ел деген түсінікті қалыптастыру» деген принцип бекітілген. Соның негізінде елдегі этнотуризм ошақтары анықталып тиісті шаралар атқарылуға.

Түркістан қаласы әкімдігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Түркістан қаласына 1 млн. 54,2 мың турист келіп, соның ішінде 33,2 мың турист алыс және жақын шетелдерден келген. Бұл 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда туристер саны 5,6% артқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, келген туристерге көрсетілген қызметтің көлемі 3 млн. 936 мың теңгені құрап, қаладағы ЖІӨ-нің 4,9% құраған. Қаланың мәдени туризм саласында облыс көлемінде жетекші орынға шығуы, ондағы іргелес мәдени ошақтардың Отырар оазисіне тиістілігімен сипатталады. Сондай-ақ, 2019 жылға Түркістан облысында туризмді дамытуға арналған бірқатар жоспарлар құрылды. Соның ішінде «Қазақ туризм» ұлттық компаниясы ұйымдастырып отырған «Қызғалдақтар жолы» халықаралық фестивалін айта болады. Фестиваль аясында Түркістан облысына 5000 жуық қонақ келіп, соның ішінде 1000 жуығы шетелдік туристер болады деп күтілуде. Іс-шараның негізгі мақсаты Түркістан облысындағы Ақсу-Жабағалы және Сайрам-Өгем табиғи парктерін таныстырып, өңірдің туристік саласын дамытуға күш салу. Сонымен қатар, 2019 жылдың 1-тоқсанына Түркістан-Самарқанд халықаралық бағыттағы автобус маршрутының ашылуы жоспарланады. Бұл облыстың экономикасы мен туристік саласының дамуына үлес қосады. Осы жылы Қазақстан мен Өзбекстан бірлесіп жоспарлап отырған Silk Visa бастамасы Түркістан облысындағы мәдени туризмнің дамуына қосымша серпін беретінін айта кеткен жөн. Келешекте оған Қырғызстан мен Тәжікстан қосылуға ниет білдіріп отыр. Жалпы алғанда, Түркістан облысының туристік кластеріндегі мәдени туризмнің орны ерекше. Оның келешекте даму әлеуеті жан-жақты дамытылатын болады. Бұл Қазақстанның тек туристік саласы үшін ғана емес, сонымен қатар, бүкіл Орталық Азияның экономикалық және мәдени платформасы ретінде қызмет атқаратыны сөзсіз. Сондай-ақ, облыс халқының әлеуметтік құрылымының өзгеруіне де оң ықпалын тигізеді.

Жазушы: Дәулет Жайлыбаев,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сырткы катынастар және кауіпсіздік

- Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Кыргызстан, Тәжікстан және Түркменстан сияқты Орта Азия елдерін камтитын екі күндік сапар жасады. Аймақтың мемлекет басшылары және құзыретті өкілдерімен өткізген кездесулерде аймақтағы қауіпсіздік, экономика, сауда-саттық және энергетика бойынша ынтымақтастық сынды басты тақырыптар бойынша келіссөздер жүргізілді. Сонымен қатар, Кыргызстанда екінші әскери база құру мүмкіндігі де талқыланды.
- Өзбекстан мен ЕО Ташкент қаласында Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық келісім-шартының алғашқы келіссөз жиналысын өткізді. Тараптар келісім-шарттың алдын-ала дайындалған жобасы бойынша пікір алмасты Келісім-шарт саяси диалог, реформалар, заң жобаларының үстемдігі, әділет, еркіндік және қауіпсіздік, адам құқықтары, жемқорлықпен күрес, көші-қон, сауда-саттық және тұрақты экономикалық даму сияқты мәселелерді қамтыды.
- Өзбекстан Премьер-министрінің орынбасары Танзила Нарбаеваның басшылығымен өзбекстандық делегация АҚШ-та өткен дәстүрлі «Мақта акциясы» ғаламдық коалициясы және Алтын жиналысына» қатысып, АҚШ-тың өкілетті тұлғаларымен кездесулер өткізді. Тараптар адам құқықтары қорғау, мәжбүрлеп жұмысшы жалдауға қатысты Өзбекстанда жасалған қадамдар, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнату және бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мәселелерін талқылады.
- БҰҰ Ауғанстан хатшысы және Ауғанстандағы БҰҰ Көмек көрсету миссиясының арнайы өкілі Тадамити Ямамото Түркменстанға жасаған ресми сапары барысында түркменстандық өкілетті тұлғалармен кездесті. Тараптар Ауғанстандағы қақтығысты бейбіт жолмен шешу және Ауғанстанның аймақтық экономикалық жобаларға қосылуы туралы мәселелерді қозғайды.
- ШЫҰ Бас хатшысы Владимир Норов алғашқы ресми сапарын 2019 жылы ШЫҰ-ға торағалық ететін Кыргызстанға жасады. Өткізілген жиналыстар барысында Кыргызстан Президенті Сооранбай Жеенбеков бастаған лауазымды тұлғалармен Кыргызстан мен ұйым арасындағы ынтымақтастық мәселелері және сондай-ақ, 2019 жылдың маусым айында Бішкекте өткізілетін ШЫҰ саммитіне қатысты пікірлер талқыланды.
- Кыргызстан Президенті Сооранбай Жеенбеков ресейлік әріптесі Владимир Путинмен бейресми кездесу үшін Сочи қаласына келді. Екі ел басшысы Путиннің Кыргызстанға жоспарлы сапары мен түрлі аймақтық мәселелерді және екіжақты қарым-қатынастарды жан-жақты талқылады.
- 2019 жылдың 31 наурызында Украинада өтетін президент сайлауы үшін Украина Орталық сайлау комитеті президент сайлауына тіркелген үміткерлердің тізімін жасақтады. Соңғы тізім бойынша сайлауға түсетін үміткерлердің саны рекордтық деңгейге жетіп, өтініш білдірген 80 үміткердің 44-і сайлауға түсуге лайықты деп танылды. Жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сай, қазіргі ел президенті Петр Порошенко, ескі премьер-министр Юлия Тимошенко және шоумен Владимир Зеленский ел басқаруға лайықты деген тізімді бастап тұр.

Экономика, қаржы және энергия

- Беларусь республикасының Еуропа елдеріне 2018 жылғы азық-түлік экспорты 2017 жылмен салыстырғанда 66,6% көлемінде артып, 233,5 миллион долларға жетті. Литва, Польша, Германия және Норвегия Беларусь азық-түлік өнімдерінің негізгі тұтынушысы болып қалса, Македония, Черногория, Сербия және Швейцариямен арадағы сауда кені түскен. Үкімет, өз өнімдерін Еуропа нарығына экспорттауға құзыретті Беларусь кәсіпорындарының санын арттыруды жоспарлауда.
- 2018 жылы басқа елдерден Қазақстанға ақша аударымдары 362 миллиард теңгені (958,5 миллион АҚШ долларын) құраған. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 18,2% немесе 55,9 миллиард теңгеге (148,02 миллион АҚШ долларына) артық. Шет мемлекеттерден алынған қорлардың жартысы Ресейден аударылған (181,3 миллиард теңге (480 миллион АҚШ доллары)), одан кейінгі орынды Оңтүстік Корея (56,8 миллиард теңге (150,4 миллион АҚШ доллары)) және Кыргызстан (30,3 миллиард теңге (80,23 миллион АҚШ доллары)) жалғастырады.
- Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, бірнеше жаңа мемлекеттік мекеме (Энергетика министрлігі, Көлік министрлігі, Ауылшаруашылық министрлігі Бау-бақша ісі және шарап өндірісін дамыту агенттігі) құру туралы шешімге қол қойды. Сонымен қатар, мемлекет басшысы 2019-2029 жылдарға арналған Атом энергиясы өндірісін дамыту тұжырымдамасын қабылдады.
- Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, Өзбекстан Ұлттық банкіне 500 миллион долларлық капиталмен бөлек Даму банкі құруды тапсырды. Жаңа банк, экспорттан бұрын борыш беру, несиелеуден кейінгі қызметтер, экспорттық субсидиялар мен логистиканы қосқанда агрессивті қаржылық және техникалық қолдау модельдерін пайдалану үшін экспортты қолдаудың кешенді жүйесін құру қызметін атқарады.
- Тәжікстан үкіметі, шетел инвестицияларын тарту мақсатында гидроэнергетика, ауылшаруашылық және ауылшаруашылықты өңдеу, тау-кен және химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, қаржы секторы және туризм сияқты болашағынан үміт күттіретін жеті экономика саласын белгіледі. Оңтайлы жұмыс ортасын қалыптастыру үшін тәжік заңнамасы, салық мүмкіндіктерін тәртізді қаржы салымдарын ынталандыру, гранттар мен жеңілдікті несиелер сынды қаржылық емес инвестицияларды ынталандыруды қосқанда 70-тен астам инвестициялық ынталандыруды жүзеге асырады.
- Түркия көлік және инфрақұрылым министрлігі тарапынан жасалған мәлімдемеге сай, 2018 жылы Түркия порттары арқылы Қазақстан (28,800 тонна), Түркменстан (97,200 тонна) және Өзбекстаннан (18,300 тонна) тасымалданған жалпы жүк көлемі 144,300 тоннаны құраған. Орта Азиядан жеткізілген барлық жүк тасымалы басқа елдердің байрағымен жүзіп жүрген кемелер тарапынан жүзеге асырылды.
- Мармара тобы Стратегиялық және әлеуметтік зерттеулер қоры тарапынан ұйымдастырылған 22-Еуразия Экономикалық саммиті Стамбулда өткізілді. Шамамен 40 мемлекеттен келген қазіргі және бұрынғы жоғары лауазымды тұлғалар, депутаттар, халықаралық ұйымдардың өкілдері және мемлекеттік қызметкерлердің басын қосқан екі күндік шара, жасанды интеллекттің дамуы және жабандандырудың жаңа көріністерін қосқанда бүкіл адамзаттың келешегіне қатысты тақырыптарды талқылады.

Қоғам және мәдениет

- Украина Қызыл крест ұйымы 2014-2018 жылдары Шығыс Украинадағы қарулы қақтығыстардың құрбандары мен зардап шеккендермен қоса халықтың қорғаныс тобына гуманитарлық көмек көрсету мақсатында 1 миллиард гривна (37,25 миллион АҚШ долларын) бөлді. Ұйымның 2019-2021 жылдары басымдық таңытатын шаралар бағыты – төтенше жағдайда әрекет ету, ерікті қозғалысты дамыту, мобилді медициналық көмек, алғашқы көмек көрсету курстары, психо-әлеуметтік қолдау, патронаттық қызмет көрсету және тұрмысы төмен отбасыларға қолдау көрсету болады.
- Өзірбайжан Президенті Ильхам Алиев, Халықаралық қатынастар талдау орталығы және Әлеуметтік зерттеулер орталығын құру туралы шешім қабылдады. Алғашқысы, елдің ұлттық мүдделеріне сай сыртқы саясат бағыттарын зерттеумен айналысса, екіншісі, ішкі саясаттың маңызды тақырыптарын қамтымақ.
- Түрік кеңесі Диаспора байланыс тобының 5-кездесуі, диаспора мәселелеріне жауапты түркітілдес мемлекеттердің мемлекеттік органдары арасында тәжірибе алмасуды қолдау мақсатында Баку қаласында өткізілді. Жиын, Түрік кеңесі және Өзірбайжан диаспора істері мемлекеттік комитетімен бірлесіп ұйымдастырылды.
- Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында Өзбекстан Республикасының Астана қаласындағы елшілігі, Қазақстан Ұлттық музейінде өзбек жазушыларының 100 фото және 39 суретінен тұратын «Заманауи Өзбекстан» атты көрмесін өткізді. Сонымен қатар музей, «Алтын адамның әлем музейлеріне саяхат» көрмесімен Өзбекстанға баруды жоспарлауда.
- Әлішер Науаи атындағы Ташкент Мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде Түрік тілі мен мәдениеті орталығы ашылды. Түркия Республикасының Өзбекстандағы елшілігінің қолдауымен ашылған орталықтың басты мақсаты – екі елдік университеттері мен ғалымдары арасында қарым-қатынасты дамыту болып табылады.
- Өзбекстан, Ташкентте өткен екіжақты саяси кеңестердің 11-раундында Грузиядан өз әуе жолдарына «Бесінші әуе еркіндігін» беруді сұрады. Бесінші еркіндік – әуежолы компаниясының жолаушыларды өз мемлекетінен екінші бір мемлекетке және ол елден үшінші бір мемлекетке тасымалдау құқығын береді. Өзбекстан әуежолдары осы жылы Ташкенттен Тбилисиге тікелей әуе рейстерін ашуды жоспарлауда.
- Түркия Республикасы Туризм министрлігінің мәліметтеріне сай, 2018 жылы Түркияға Орта Азиядан 1,35 миллион турист саяхат жасаған. Бұлардың арасында Қазақстаннан 426,900, Түркменстаннан 252,900, Өзбекстаннан 241,200 және Кыргызстаннан 114,900 турист келіп, 2017 жылмен салыстырғанда жеке-жеке 5,98%, 9,54%, 23,24% және 9,55%-ға артқан. Түркияның соңғы жылдағы туризм саласынан түскен табысы 12,3% көлемінде артып, 29,5 миллиард АҚШ долларын құраған.